



# Ақмешіт

7 желтоқсан  
сенбі  
№97 (2107)  
2024 жыл


## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Қызылордадағы негізгі мәселенің бірі – ыстық судың жоғы. Тұрғындар су ысыту үшін арнаулы қондырғы қолданады. Бүгінгі күнге дейін Республикадағы ыстық сусыз жалғыз облыс атанып келдік. Десе де, бұл мәселе тікелей Мемлекет басшысының назарына ілікпелі жұмыс қарқын алды. Облыс орталығындағы көпқабатты тұрғын үйлерді ыстық сумен қамту жұмысының бірінші кезеңіне Үкімет резервінен 11 млрд теңге бөлінген болатын.

### Ыстық су «Астана» шағын ауданына жетті



Өңірде жаңа қала атанған Сырдарияның сол жағалауының тұрғындары ыстық суға бірінші болып қол жеткізді. Бүгінде қарқын алған іс «Астана» шағын ауданында жалғасуда. Осы күні шағын аудандағы 550 пәтер ыстық суға қосылды.  
– Әрине, қызығамыз. Қазір алғашқылардың қатарында бірнеше танымал ыстық суды тұтына бастады. Бұл бастамаға барлығымыз қуанамыз. Біріншіден, қазіргі таңда электр энергиясы өшіп қалса, ыстық сусыз қаламыз. Өйткені қондырғы тоқпен істейді. Оның үстіне, электр тоғы үшін төлейтін төлем қымбаттау болатын. Ендігі жағдай мүлдем басқа болатын тәрізді, – дейді қала тұрғыны Ажар Нұрлыбекқызы.  
Айта кетейік, тұрғындарды ыстық сумен қамту екі кезең арқылы жүргізіледі. Тісінше биыл 187 үй, ал 2025 жылы 237 тұрғын үй ыстық су жүйесіне қосылады.

Мамандардың айтуынша, әрбір көпқабатты тұрғын үйге «Wilo» компаниясының айналым сорғылары мен «Danfoss» компаниясының өшіру және реттеу арматурасы, жылу алмастырғыштары қондырылып жатыр. Сондай-ақ GTP су тазартқыш фильтрі және басқа да еуропалық өндірушілердің жабдықтары орнатылып жатыр.  
Ыстық су желілерін жүргізу тұрғындар үшін өте тиімді болмақ. Себебі электрлі құрылғы ұзаққа жарамды емес. Сонымен қатар электр энергиясы мен қаржы үнемділігін реттейді. Осы жоба бойынша жыл соңына дейін Қызылорда қаласының «Шұғыла», «Сырдария», «Сол жағалау» аумақтары мен Тәуелсіздіктің 25 жылдығы, Бейбарыс сұлтан көшелеріндегі жоспардағы көпқабатты тұрғын үйлер ыстық су жүйесіне қосылады.

«Ақмешіт-ақпарат»

### «АРТ-спорт»-қа артылған үміт қайда?



Балаларды дамытады деген «Даму баланың» өзі дамымай қалды. Аталған бағдарламаға қатысты алып-қашты әңгімеден бұрын, бұлтартпас сандар санамызда сан сұрақты сансыратып тастады. Өңірде шығармашылық үйірмелер бойынша 600 млн теңге, ал спорттық секциялардан 2 млрд 603 млн теңге бюджетке кері қайтарылды. Бұл

дегеніңіз талапқа сай келмейтіндердің қалтасын қалыңдата жаздағанын білдіреді. Ал бүгін мәдениет бағыты бойынша 18474 бала, спорт бойынша 12278 бала осы бағдарлама бойынша дамудың даңғылына шықты деген дерек бар.

2-БЕТТЕ



Әлеуметтік желі тағы да шулады. Қоғамды дүр сілкіндерген жаңалық мынадай: енді 12 жасқа толмаған балаларды ересектердің қарауынсыз үйде жалғыз қалдыруға тыйым салады-мыс. Ата-аналардың перзент алдындағы жауапкершілігін заңмен шегелемесе, қайғылы оқиғалар жиілеп кеткен.

### БАЛАНЫ ҮЙДЕ ЖАЛҒЫЗ ҚАЛДЫРҒАН ДҰРЫС ПА?


Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Зәкиева ата-аналарға 12 жасқа дейінгі балаларын үйде жалғыз қалдыруға тыйым салуды ұсынған.  
– Қажетті фактілерді талдай отырып, 12 жасқа дейінгі балаларды көмелетке толған адамдардың қарауынсыз қалдыруға тыйым салу бойынша заңнамалық шараларды пысықтау қажет деп санаймын. Бұл ретте көмекке мұқтаж отбасылар мемлекет тарапынан берілетін қолдау шараларымен қамтамасыз етілуі қажет, – деп жазған Динара Зәкиева инстаграм парақшасында. Сонымен қатар омбудсмен осы уақытқа дейін мемлекет тарапынан жәрдемақы алып көрмеген отбасыларға назар салып, көмек қолы созылатындығын айтып өткен.  
Мұндай ұсынысты айтудың бірден-бір себебі қазіргі уақытта өрттен қаза бапқан балалар үйде жалғыз қалған болып шығады. Динара Зәкиеваның сөзіне сүйенсек, 2024 жылдың басынан бастап елімізде қаза тапқан 15 өрт дерегі болған.

4-БЕТТЕ

**Баспасөз-2025 АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?**  
Баспасөзге 2025 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңізге жазылуды ұмытпаңыз.  
Жекелер үшін 6 айға – 3000 теңге, мекемелер үшін – 4000 теңге.  
Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

СҰХБАТ

### АЖАЛҒА АСЫҒУ НЕМЕСЕ ӨМІРДІ ҚИЮ ОҢАЙ МА?



Бұл мәселе қоғамның өзекті мәселесіне айналды. Дүрбелеңнің сыр-неде? Мамандар, психологтар, ұстаздар, қоғам қайраткерлері, ұлт жанашырлары тілші дәрігерлер де түрлі пікір білдіруде. Тылсым дүниенің сыр-некімі ұқпап? Бәлкім бізге ісімі қазаққа бұған дейін беймәлім болып келген ғаламтордағы ойындар болуы да бек мүмкін. Себебі өрімдей баланың өмірден баз кешіп өмірін өзімізге қиюы бұрын болмаған еді. Қазір өзімізде мұндай қайғылы оқиға тілші жиілеп кетті.

3-БЕТТЕ

Ақжармалық кәсіпкер Ержан Серікбайұлы өмірлік жары Жансая Ералиева екеуі отбасылық кәсіптің негізін қалап, өз күшімен нарыққа төтеп беріп келеді. Баймұрат батыр ауылындағы мектепте балаларға ұстаздық ететін ол егер шын қаласа, бәріне қол жеткізуге болатынын дәлелдеп жүр. «Уақыттың қадірін біліп, тиімді пайдалану керек» деген ұстанымдағы оның алға қойған жоспарлары да жетерлік.

### ШЫН ҚАЛАҒАН АДАМ БӘРІНЕ УАҚЫТ ТАБАДЫ

Алақандай ауылда кәсіпкерлік нысандары көп те емес. Бірақ елдің қажетімен қамтамасыз етіп отырған Ержан тәрізді азаматтар нәпақасын адалынан тауып келеді. Ержан Серікбайұлы ауласынан арнайылап ғимарат салып, шаштараз бен дүкенді бір күнде ашты. Бүгінде сол еңбегінің жемісін көріп, ауылдастарына қызмет көрсете бастады.  
– Ең алдымен, кәсіпте қорықпау керек. Тәуекелге бармасаң, жетістікке де жете алмайсың. Қанжыға майланып, олжа байланып, биік шыңдарды енсеру үшін алдымен тәуекелге баруға батылдық, сонан соң еңбекқорлық керек. Соның арқасында алдыңнан кезіккен кедергінің қай-қайсысын да енсері аласың. Кез келген адамда бірінші қадам бастауға батылдық жетпей жатады, – дейді кәсіпкер.



2-БЕТТЕ

### Дархан ТҰРСЫНБАЕВ, қала әкімінің орынбасары: УӘДЕНІ ОРЫНДАУ – ХАЛЫҚТЫҢ БИЛІККЕ ДЕГЕН СЕНІМІН АРТТЫРАДЫ

Қызылорда қаласының дамуындағы оңтайлы өзгерістер соңғы жылдары алға басуда. Шаһарымыздың шырайы келісіп, көркіне көрік қосты. Соңғы жылдары жаңа нысандар салынып, әлеуметтік әлеуеті артып келеді. Құрылысы қарқынды қаланың көркейіп, көшелері кеңейіп жатқанын айтау мүмкін емес. Қаланың тыныс-тіршілігі мен дамуы әрбір тұрғынға қуаныш сыйларға хак. Орайы келгенде қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаевпен сұхбаттасқан едік.



2-БЕТТЕ

## ШЫН ҚАЛАҒАН АДАМ БӘРІНЕ УАҚЫТ ТАБАДЫ



Ауыл мектебінде еңбек етіп жүрген ұстаз өзінің кәсіпкерлік бағытта дамуына барынша тер төгеді. Өзінің қабілетін жан-жақты шыңдап, «Жігітке жеті өнер де аз» деп келеді. Бүгінде кеңейген кәсіп оның ұстаздық қызметіне еш кедергі емес.

– Мұғалім болып, шәкірт тәрбиелеп, бала оқыту – жанымның рахаты. Балалармен әңгімелесу, оларға бағыт-бағдар беру маған ерекше серпін береді. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» дейді Абай. Ойдағымыз бен бойдағымызды балаға үйретуден қалыс қалған емеспіз. Адам баласы шын қаласа, барлық нәрсеге уақыт таба алады, – дейді Ержан Серікбайұлы.

Қай уақытта да бастаған ісінен нәтиже шығара білетін іскер азамат бүгінде ешқандай мемлекеттік бағдарламаға қатыспаған. Адамның өз күшімен сол мемлекеттің экономикасының дамуына қомақты үлес қоса алатынын жеткізді. Әлбетте, ырзық-несібінен кәсіптен бұйыртқан жаратқанның сілтеген бағыты да осы болса керек.

– Қазақ «Жақсылар жақсымын деп айта алмайды» деген керемет сөз бар. Ойға алғаны, қолға алғаны орындалып, өзінің жүйесін тауып жатқанының өзі – елге көмегі. «Отан – отбасынан басталады» дейді. Бірінші орында отбасын тұратыны анық. Ал «Мен – патриотпын» деп айғайламай-ақ, Отанға еңбек сіңіруге болады. Мен – сол қатардамын, – дейді ол.

Кәсіптегі көп жылғы тәжірибесімен бөліскен бір меценаттың «Кәсіп ашудан қорықпау керек: сәтті шықса – жеңісің, сәтсіз болса – өмірлік тәжірибе» деген сөзі ойға оралды. Ержан Серікбайұлының да бағыт бастамалары мен қарқынды қадамдары көп жасқа үлгі екені анық. Ол осы күні азық-түлік дүкенінің ісін жүргізе, өмірлік жары Жансая сұлулық салонының жұмысын жандандырады.

Басы 1-бетте

Дәулет ҚЫРДАН

Кешкі сағат 21.00-дің шамасында біреу есік қақты. Үлкені бар үй ерте жатады. Суыт келген бұл кім деп, елденп қалдық. Сөйтсек, аудандық спорт бөлімінен келген екен. Әңгіменің әлкіссасын «Балаларыңыз қандай үйірге барып жүр? Шнайы өтіп жатыр ма?» деп, қолхат алудан бастады. Әрине, ата-аналардың көпшілігі жұмыс уақытынан кейін ғана үйінде болады. Уақыттан санаспай тізім бойынша аралап, жағдайды шынайы бағамдап жүрген жігіттердің әрекетінен бұл саладағы қадағалаудың қандай түскені көрініп тұр.

Батыл бастаманың қай-қайсысында да басы басталып, соны сиырқұйымшақтанып кететін әдеті бар. Әуелден ел-елде, жер-жерде ашылған үйірмелердің хабарына қуандық. Бертін келе таяқтың жерге тасталғанынан үйірме жұмысының басталуы да бәсең болғаны рас. «Көш жүре түзеледі» деген ата-аналар «Үміт соңынан өледі» деп тағы да біраз күтуге бел буды. Бірақ үйірме жетекшілерінің «Ассалаумағалейкум, мен – тренермін» дегенін ғана естіп, аргысын тағы алты ай күтетіндей болған. Бірақ облыс әкімінің қатаң қадағалауынан кейін шынайылары шырдалып, жалғандары жағаға шығып қалып жатыр.

Енді бүгінгі жағдайға оралайық. Бұл мәселе тікелей Мемлекет басшысының да назарында. Өйткені бармақ басты, көз қыстының дәурені өткелі қаш-шан?! Жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелер мен спорттық секцияларды жан басына қаржыландыру бағдарламасы бойынша кәсіпкерлердің жұмысына бақылаушы топ шам алып түсті. Нәтижесінде аймақ басшысының қадағалауымен балалардың шығармашылық үйірмелерге, спорттық секцияларға нақты қатысуы зерделеніп, негізсіз көмек алғандардың қаржысы мемлекетке қайтарылуға. Жаға ұстатарлық деңгейде.

– Аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес тамыз айынан бастап мәдениет, спорт басқармаларының жанынан арнайы зерделеу топтары құрылды. Жұмыс тобы қаржыландырылған барлық үйірмелер мен секцияларға зерделеу жұмыстарын жүргізді. Екі айдың ішінде мәдениет бағытында тапсырыс алып отырған 136 өнім берушіні зерделей келе, 47 кәсіпкердің жұмысында келісімшартқа сәйкес талаптардың орындалмауы анықталды. Мемлекеттен бөлінген қаржының тиімсіз жұмсалынуы байланысты кәсіпкерлермен келісімшарт біржақты бұзылды. Кәсіпкер мен басқарма арасындағы келісімшарттың 3.1 тармағына сәйкес олар 19 түрлі талапты орындап, балалардың қауіпсіздігіне, шығармашылықпен айналысуына жағдай жасауы қажет еді, – деді облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Қазбекова.

Басы 1-бетте



## «АРТ-СПОРТ»-ҚА АРТТЫЛҒАН ҮМІТ ҚАЙДА?

Бақылаушылар назарына нұсандағы бейнебақылау камералары орнатылмағаны, 30 күндік сақтау жадының болмауы, басқа аудан балаларын заңсыз тіркеу фактілері орын алғаны ілікті. Мұнан бөлек, өрт

кәсіпкермен келісімшарт бұзылды. 25 кәсіпкер қызметін тоқтатуға өз өтінішін берді. Бүгінде 111 кәсіпкер жұмысын жалғастыруда. Ата-аналардан түсіп жатқан түрлі шағымдар бойынша тиісті шаралар қолға алынуда, –



қауіпсіздік талаптары сақталмаған, өрт дабылы қондырғысы жұмыс істемейді. Ал тағы бір сын – санитарлық нормаларға сәйкес келмеуі. Бастысы, балаға жағдай жасалмаған. Қазір де ата-аналардың шағымы жіті қадағалануда.

– Спорттық үйірмелерге зерделеу жұмыстарын жүргізгенде нысан ішінде жуыну болмелері, киім шафтағы жабдықталмағаны және жылы судың болмауы анықталды. Осындай кемшілік жіберген 42

деді облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы басшысының міндетін атқарушы Жұлдызхан Ерқосаев.

Кейбір ата-аналар бақылау, қадағалау жұмыстары күшейгеннен кейін «сезікті бұрын секіріп», кейбір үйірмелер ізім-қайым болса, кейбірінде аяқастынан белсенділік пайда болған. Бүгінде мектеп жасындағы бірнеше баласын дамытуды көздеп, бірнеше үйірмеге жазған ата-ананың бірі – Махаббат Сабырқызы. Ол ә дегенде адамды

қызықтырған көп үйірмені қазір бірнешеуі ғана қалғаны айтады.

– Ұлымды спортқа бердім, қыздарымның бірін биге, екіншісін тоқымаға бердім. Спорттың бірнеше секциясы болған. Таңдауға тіпті бас қатырып, болашағы бар спортқа берейік деп жүргенбіз. Қазір таңдау жоқ. Үстел теннисі үйірмесі ғана бар. Негізі одан бөлек, мектептің дәл осы спортта жұмыс істеп келе жатқан үйірмесі болатын. Жарыстардан бағдарламасы арқылы әлгі спорттың әліппесін меңгеруде. Барлығына топырақ шашуға тағы болмайды. Ішінде жауапкершілікті түсініп жұмыс істеп келе жатқандары да бар. Үлкен қызым тоқыма үйірмесінен көп нәрсе үйірді. Ұстаздары тоқыма өнерінің қыр-сырын үйретіп, ынтысын аша білді. Қалай болғанда да, нақты жұмыс істейтін үйірме қалғаны жақсы болды, – дейді ол.

Айта кету керек, аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес мониторингтік топтың құрамы жергілікті атқарушы органдардың жауапты қызметкерлерімен қайта жасакталды. Жаңа құрам қала және аудандардағы шығармашылық және спорттық үйірмелердің жұмысын қатаң зерделеуде. Айтпақшы, дәл осы бағдарлама аясында бір емес, екі бірдей қоғам белсендісінің басы дауға қалды деген дерек те бар. Қазіргі таңда тергеу амалдары жүріп жатыр екен. «Әп-әлемі ән еді, шымшық айтып қор

қылды» дегенді естуші едік. Тым жақсы басталған байыпты бастаманың басында осындай олқылықтар болғаны өкінішті-ақ... Өйтпегенде, талай талантты бағын ашу үшін ар мен ожданға берік, жеке бастың емес, елдің қамын күйттегендер еңбек еткені жөн. Бұл – біздің пікіріміз. Ал сіз не дейсіз, қадірлі оқырман!

Аян СПАНДИЯР

– Қай басшының болсын, жұмыс нәтижесі елмен етене араласумен байланысты. Қала әкімінің орынбасары ретінде тұрғындармен байланысыңыз қандай деңгейде?

– Облыс орталығы өзге қалаларға үлгі боларлықтай өркендеп, өсіп келе жатыр. Бұл тұрғыда жүйелі жұмыс істеп, сапаға мән берудеміз. Қала тұрғындарының игілігі жолындағы тоқтаусыз тіріліктер кезең-кезеңімен жасалуда. Соңғы уақытта халықпен байланыс орнату жақсарды. Тұрғындармен жиі кездесу ұйымдастырылады. Қаланың өркендеуі, дамуы, көркеюі – бұлардың барлығы тұрғындардың талап-тілектеріне сай орындалуда. Тұрғындар кездесуде немесе хат арқылы, одан бөлек әлеуметтік желі арқылы өз аймақтарындағы мәселені жеткізеді. Сол жұмыстар бойынша, олардың талап-тілегін орындауға күш саламыз. Қазіргі уақытта халықпен ашықтық бағытында жұмыс істеп отырмыз.

– Қалада спорт пен мәдениет саласының дамуы үшін жасалып жатқан қамқорлық туралы айтыңыз...

– Қазіргі таңда қала мәдениеті жоғары дәрежеде елге қызмет етіп, мәдени-рухани азық сыйлап келеді. Оның бәрі мемлекет қолдауы жүйелі түрде үйлестіріп отырған аймақ басшысының мәдениет саласына деген оң көзқарасынан деп білеміз. Бүгінде қалаға қарасты 12 мәдениет ошағы халыққа мәдени-рухани азық сыйлап келеді. Балалар мен жасөспірімдердің, жастардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында ашылған 97 үйірменің 1249 қатысушысы бар. Қала мәдениетіне қатысты өзге де біршама жағымды жаңалықтар, толымды тіріліктер жетерлік.

Қала бойынша мәдениет ошақтарының ең басты жаңалығы деп – Талсуат және Қарауылтөбе ауылдарында «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында жаңа мәдениет үйлері бой көтерудің айтсақ болады. Сондай-ақ барлық мәдениет үйлері мен ауылдық клубтардың материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында жүйелі жұмыстар басталды. Ойға алған шаруалар өз нәтижесін берді.

Мәселен, Тасбөгет кентіндегі С.Майқанова атындағы мәдениет үйіне лэд экран құрылып, көрермендер залының төсеніштері жаңартылды. Абай, Ақсуат, Қызылжарма ауылдық мәдениет үйлерінде жыл соңына дейін лэд экран құрылады. Компьютерлер мен ноутбуктер, қосымша жарық

Басы 1-бетте

Дархан ТҰРСЫНБАЕВ, қала әкімінің орынбасары:

## УӘДЕНІ ОРЫНДАУ – ХАЛЫҚТЫҢ БИЛІККЕ ДЕГЕН СЕΝІМІН АРТТЫРАДЫ

қондырғыларымен жаратқан мәдениет үйлері табысты еңбек етуде.

Шаһар аумағындағы мәдениет үйлері мен клубтар жыл басынан бері 966 шара ұйымдастырып, оған 159841 көрермен қамтылған.

Бұқаралық спортты дамыту үшін – спорт нысандары баршаға қолжетімді болуы қажет. 2023 жылдың қорытындысымен бұқаралық спортпен шұғылданушылар саны 141161 адамға жетіп, 39,5 пайызды құрды. Биыл жеңілі 40 пайызға жеткізу тапсырылды. Қала тұрғындарын қолдау мақсатында ай сайын аз қамтылған, көп балалы отбасылардағы және мүгедектері бар балаларға «Евразия» және «Мұз айдыны» спорт кешендеріне барлығы 17600 жолдама беріледі.

Бүгінге бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес жыл басынан 154 спорттық іс-шара өткізіліп, 11181 спортшы тартылды. Бөлімге қарасты «Қажымұқан Мұңайтпасұлы атындағы спорт клубы» КММ-де спорттың 11 түрінен үйірме ұйымдастырылды. 1404 қала тұрғынына спортпен айналысуға мүмкіндік берілген. Жергілікті тұрғындардың спортпен шұғылдануына қолайлы жағдай жасалғанын бір дәлелі осы.

– Халықты тұрақты жұмыспен қамту, жаңа жұмыс орындарын ашу – бүгінде маңызды міндеттердің бірі. Мемлекет осы бағытты назарға алып, тиісті бағдарламалар ұсынды. Бұл тұрғыда қаламызда қандай жұмыстар атқарылды?

– Жыл басынан бері қалада 16 мыңнан аса азамат жұмыспен қамтылды. Оның 13 мыңға жуығы ұлттық жобалар мен салалық тұжырымдамалар аясында ашылған жұмыс орындарына жолдануда. Биыл «Өңірлік жұмыспен қамту картасы» шеңберінде 85 жоба арқылы 1266 жаңа жұмыс орнын құру жоспарланып, бүгінгі күнге Ұлттық жобалар мен тұжырымдамалар аясында 1256 жаңа жұмыс орны ашылса, оның 468-і тұрақты жұмыс орындары.

Сонымен қатар «10 мың халыққа 100 жаңа жұмыс орны» бағыты бойынша 5462 жаңа жұмыс

орны ашылды. Мекемелерден келіп түскен бос жұмыс орындарына 3664 азамат тұрақты жұмысқа орналасты.

Мемлекеттік бағдарлама аясында «Жаңа бизнес – идеяларды іске асыруға» 520 адамға мемлекеттік гранттар берілді. Жұмысқа тартудың белсенді түрлерінің бірі – қалада ай сайын бос жұмыс орындары жәрмеңкесін өткізу болып табылады. Мұнда жұмыссыздарға жұмыс берушілермен кездесуге мүмкіндік беріледі. Осы жылы 12 рет «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Оған 280 мекемеден жұмыс берушілер мен қалр қызметкерлері қатысқан. Соның нәтижесінде 1977 бос жұмыс орнына сұраныс түссе, 184 адам тұрақты жұмысқа орналасты, оның ішінде жастары – 67.

– Осыған дейінгі жасаған қызметтерде сізге мықты ұйымдастырушы, білікті басшы деген баға берілген екен. Мұндай баға алу үшін адамда қандай қасиет болуы қажет?

– Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаев: «Қоғамымызда еңбек адамы бірінші орында тұруы тиіс. Шын мәнінде, жетістіктің бастауы – адал еңбек және іскерлік. Табысқа жетуің жалғыз жолы – өз кәсібіңнің шебері болу және адал еңбек ету», – деген сөзін халық арасында кездесулерде жиі айтып жүр. Сол секілді абырой мен бедел – еңбекпен, маңдай термен келеді. Мықты ұйымдастырушы және білікті басшы болу үшін адамда бірнеше маңызды қасиеттер болуы қажет. Яғни топты басқару, адамдарға бағыт-бағдар көрсету, ортақ мақсатқа жету үшін команданы үйлестіру. Өзгерістерге және жаңалықтарға жылдам жауап беру де маңызды. Өз ұжымын жоғары нәтижелерге ынталандыру және жұмысқа қызығушылық тудыру – білікті маманның бойынан табылатын қасиетке жатады. Осы қасиеттер мықты ұйымдастырушы мен басшы болуға көмектеседі. «Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінзеден» дегендей, мықты басшы бола білу үшін жақсы мінез болуы керек. Өсіресе, адамгершілік қасиетті жоғалтпау керек.

– Қала әкімінің орынбасары ретінде айналыңыздағыларға қаталсыз ба? Жұмыс барысында қандай талаптар қоясыз?

– Қала әкімінің орынбасары ретінде қатал болу маңызды. Бірақ бұл қаталдықтың артында үнемі халықтың тыныштығы мен әл-ауқатын қамтамасыз ету мақсаты жатыр. Халықпен тіл табысу, олардың талап-тілектерін түсіну, және уақытында шешім қабылдау – менің жұмысымның негізгі аспектілері. Ең басты талап – кәсібилік. Алдағы міндеттерді тиімді орындап, өз саласының маманы болуы керек. Екіншіден халықпен және әріптестерімен тиімді қарым-қатынас орната білу керек. Үшінші, жауапкершілік: Өз міндеттерін уақытында және сапалы орындау қажет. Төртінші, жаңа идеялар мен тәсілдерді ұсынуға дайын болу қажет. Тағы бір талап этиканы білу. Жоғары моральдық нормаларды сақтау керек.

– Жұмыстың ең ауыры – халықпен тіл табысып, жұмыс істеу. Уәдеде тұру сіз үшін қиыншылық маңызды?

– Уәдеде тұру қай кезде де маңызды. Өр уәде – бұл сенім, әрі ол халықтың билікке деген сенімін арттырады. Сондықтан уәдені орындау өте маңызды. Уәде – бұл сенімнің негізі және адамдар арасындағы байланыстарды нығайтатын фактор. Егер біз уәде берсек, оны орындау арқылы біз өзіміздің жауапкершілігімізді көрсетеміз және басқалардың бізге деген сенімін арттырамыз. Өсіресе, халықпен жұмыс істегенде, уәдені орындау – қоғам мен қарым-қатынасты жақсартуға, оның деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

– Немен мақтанасыз?

– Менің мақтаным – командадағы жетістіктер, азаматтардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған жобалар мен бастамалар. Сондай-ақ халықтың қажеттіліктерін тыңдап, оларға жауап беруге мүмкіндік беретін көпшіліктің қатысуымен ашық диалог жүргізу. Өз жұмысымда тиімділік пен жауапкершілікті алға қойғаным

үшін, халықтың сеніміне ие болу мені қуантады. Жүйелі жұмыстың нәтижесін тұрғындар көре білсе, халық үшін пайдалы қызмет жасасақ соның өзі үлкен мақтаным.

– Қазір «Адал адам» орталықтары ашылып жұмыс істеуде. Адал адам дегенді сіз қалай сипаттар едіңіз?

– Өздеріңізге белгілі, Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруға, зерделі, озық, адал қазақстандықтарды тәрбиелеуге бағытталған келелі ойларын айтты. Бұл – мемлекеттік сектор үшін идеологиялық жұмыстың негізгі бағыттары бойынша нақты іс-қимыл бағдарламасының бір түрі. Ұлттық құрылтайдың күн тәртібінің негізгі бағыты – өмірде адамгершілік заңдары мен биік құндылықтарды шешуші әділетті тұлға – «Адал адам» идеясы. Ел Президенті өскелең ұрпақ тәрбиесін, оның рухани дамуын, ұлттық сана мен патриотизмді нығайтуды ерекше атап өткен болатын. Бұл ретте аймақ басшысы биылғы жылдың «Руханият жылы» деп жариялады. Білім беру ұйымдарының жай-күйі туралы кенейтілген мәжілісте биылдан бастап өңірдің барлық елді мекеніндегі клубтар мен мәдениет үйлерінен жас ұрпақты отанышылдық және патриоттыққа тәрбиелейтін үйірмелері бар «Адал адам» рухани-мәдени орталықтарын ашуды тапсырды. Мінекей, соның нәтижесінде бұл жобаның 7 бағыты бойынша қала және қалаға қарасты мәдениет ошақтарында нақты жұмыстар басталып кетті. Құн санап жаңадан үйірмелер ашылууда. Жыл басынан бері жоба аясында 688 шара ұйымдастырылса, оған 69 709 көрермен қамтылған. Оның ішінде балалардың үлесі 34 469-ды құрайды.

Жалпы, адалдық – адам бойындағы таза ниет, бағалы қасиет, адамның сана-сезімі мен ар-ұжданына қайшы келмейтін әрекеттердің моральдық-этикалық жиынтығы. Адалдық біздің жан дүниемізден басталады. Ол адами қарым-қатынастан және іс-әрекетімізден көрінеді. Ал менің сипаттауымдағы адал адам – өзіне де, өзгеге де шынықты айтып, сын көзбен қарай алатын, көзге көрінген кемшілікті айту ауыр болса да тартынбайтын, елдегі игі істердің насихатшысы бола білетін адам.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Сұхбаттасқан  
Айтқолын АЙТЖАНОВА

## Медея синдромы

Өлемде «Медея синдромы» деген ұғым бар. Көне Грецияда Медеяның күйеуіне деген қызғанышы өшпенділікке ұласып, қос бірдей ұлын өз қолымен өлтірді. Фасыр алмасқанда «Медея синдромы» қайталануда.

Трагедия желісі бойынша өз күйеуінің сатқындығын кешіре алмаған Медея ақыр соңында өзінің туған балаларын өлтіреді. Медея күйеуі Ясонның патшаның сұлу қызын екінші әйел етіп алмақшы болғанына қатты күйенеді. Ойлана келе Ясон үшін ең үлкен жаза оны ұрпақсыз қалдыру екенін ұғынған Медея өз балаларын өлімге қияды. «Медея» трагедиясы афина сахнасында 438 жыл қойылған еді. Бұл трагедия нағыз шынайы өмірді шебер бейнелеген туынды болумен тарихта қалған. Себебі әйел құқығының тапталуы, кек пен ызаның қылмысқа әкеліп соғуы қазіргі қоғамда жиі орын алууда.

Елімізде үш бірдей перзентін терезеден лақтырған әйелдің оқиғасы жұрттың төбе шашын тік тұрғызса, Алматыда қос ұлын бауыздаған әкенің әрекетін айтуға ауыз бармайды. Сонда айналып келгенде мұның бәрі қоғамның асқынған дерті деуге болады.

Еске салсақ, биыл Жамбыл облысының Түймекент ауылының екі баласы өз өмірімен қош айтысты. SMARTNEWS.KZ сайтының хабарлауына, облыстық прокуратура жасөспірімдердің өзіне қол салып қайтыс болғаны туралы желіде тараған ақпаратты растады. Бұған дейін Алматыда екі оқушы қыз тоғызыншы қабаттан құлап мерт болды. Бұл

халық арасында психологқа жүгіну «ұят», «психологтерге психикалық ауытқуы бар адамдар ғана барады» деген түсінік бар болса, екінші жағынан ауылдық жерде халықтың көбі бір-бірін таниғандықтан өзгелер жеке құпиясын біліп қояды деген қорқыныш бар.

Тағы бір себеп ретінде психикалық денсаулық саласындағы мамандардың тапшылығын айтуға болады. Аудандарда психикалық бұзылыстармен тікелей жұмыс істейтін психиатр дәрігерлер саны жеткіліксіз.

Сауалнама мәліметтері көрсеткендей, ауыл жастарының 38,3%-ы өңірде бос уақытты тиімді өткізетін мекемелердің жоқтығы туралы айтқан. Сауалнамаға қатысқан жастардың жартысы Түркістан (52,3%), Солтүстік Қазақстан облыстарында (51,9%) осындай мекемелердің жоқтығын атап өтсе, осыған ұқсас жағдай Қызылорда (38,9%) және Алматы облыстарында (32,2%) да байқалады. Ауыл жастарының төрттен бір бөлігінен көбі (43,5%) жергілікті қоғамдық орындардың жағдайына қанағаттанбаған – (8,9%). Расымен, ауылдық жерлерде үйірмелер, жастар баратын әдемі жерлер аз. Еліміз бойынша жастармен жұмыс істейтін жастар ресурстық орталықтары да аудан орталықтарында орналасқан. Ал жеткіншектердің бос уақытының дұрыс ұйымдастырылмауы адамның қарым-қатынас дағдыларының дамымауына алып келіп, оның көңіл-күйіне әсер етер сөзсіз, – дейді психолог.

Соңғы күндері

балаларымыздың өз-өзіне қол жұмсау фактілері қоғамның қатты алаңдау-шылығын тудыруда. Бұл жантүршігерлік қайғылы жағдайлар ешкімді бей-жай қалдырмағаны анық. Айдан-күннің аманында желкілдеп өсіп келе жатқан өрендерімізден айырылды. Ал енді осы қылмысқа итермелеп отырған әлеуметтік желі мен мессенджер екенін ашық ақпарат көзінен оқуымыз. Олар санасы әлі бекімеген жеткіншектеріміздің психикасына теріс әсер ететін құралға айналды. Бірде-бір отбасы бұдан өзін сақтандыра алмайды. Мемлекет тарапынан заң деңгейінде буллинг, өзін-өзі өлтіруге мәжбүрлеу сияқты әрекетке қарсы қылмыстық жауапкершілік енгізілді. Бірақ қазіргі жағдай мұның жеткіліксіз екенін көрсетеді. Бірақ ең бастысы мұны мен ұстаз, ана, депутат ретінде айтамын – мемлекет пен қоғам әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің әкімшілерінен таралып жатқан ақпаратқа бақылауды күшейтуін талап етуі қажет деп санаймын. Таралып жатқан заңсыз, зиянды, бұлдіршіндердің санасын ұлайтын жүктемеге бақылауды оқыс күшейтуді қатаң талап ету керек. Олар «меморганнан құқықтық тұрғыдан негізделген талап-арыз күтіп отырмыз» деп сылтауратпай, қауіпті контенттің таралуына жол бермеу үшін өздерінің жұмыс алгоритмін өзгертуі тиіс. Шетелдік тәжірибе көрсеткендей, шындап келгенде бұл әлеуметтік желілер мен мессенджерлер иелерінің қолынан келетін шаруа. Жекелеген контентке тосқауыл қоюға қол жеткізу мүмкін болмайтын болса, онда нақты заң бұзған әлеуметтік желі немесе мессенджер бұғатталуы тиіс.

# АЖАЛҒА АСЫҒУ НЕМЕСЕ ӨМІРДІ ҚИЮ ОҢАЙ МА?

оқиғалардың орын алуына әлеуметтік желінің әсері бар екенін мамандар жоққа шығармайды. Тіпті әлем халқы осы мәселеге назарға аударуда.

Мәселен, Норвегия елінде 15 жасқа толмаған балаларға әлеуметтік желіні қолдануға тыйым салғалы жатыр. Норвегиялық БАҚ-тың зерттеуі бойынша, тоғыз жастағы балалардың жартысынан көбі, он жасар балалардың 58 пайызы және он бір жастағы балалардың 72 пайызы қазірдің өзінде әлеуметтік желілерді пайдаланады. Норвегия үкіметі қосымша шара енгізуге уәде берді. Олардың қатарында жеке дерек туралы заңға әлеуметтік желі қолданушыларының жеке дерегін оңдеуге келісім беру үшін кемінде 15 жаста болуын талап ететін өзгерту енгізу, сондай-ақ әлеуметтік желі үшін жасты тексеру жүйесін әзірлеу бар.

Елімізде әлеуметтік мәселені бақылау жайын мәжіліс депутаты Жұлдыз Сүлейменова мәселе етіп көтеріп жүр.

– Соңғы күндері балаларымыздың өз-өзіне қол жұмсау фактілері қоғамның қатты алаңдау-шылығын тудыруда. Бұл жантүршігерлік қайғылы жағдайлар ешкімді бей-жай қалдырмағаны анық. Айдан-күннің аманында желкілдеп өсіп келе жатқан өрендерімізден айырылды. Ал енді осы қылмысқа итермелеп отырған әлеуметтік желі мен мессенджер екенін ашық ақпарат көзінен оқуымыз. Олар санасы әлі бекімеген жеткіншектеріміздің психикасына теріс әсер ететін құралға айналды. Бірде-бір отбасы бұдан өзін сақтандыра алмайды. Мемлекет тарапынан заң деңгейінде буллинг, өзін-өзі өлтіруге мәжбүрлеу сияқты әрекетке қарсы қылмыстық жауапкершілік енгізілді. Бірақ қазіргі жағдай мұның жеткіліксіз екенін көрсетеді. Бірақ ең бастысы мұны мен ұстаз, ана, депутат ретінде айтамын – мемлекет пен қоғам әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің әкімшілерінен таралып жатқан ақпаратқа бақылауды күшейтуін талап етуі қажет деп санаймын. Таралып жатқан заңсыз, зиянды, бұлдіршіндердің санасын ұлайтын жүктемеге бақылауды оқыс күшейтуді қатаң талап ету керек. Олар «меморганнан құқықтық тұрғыдан негізделген талап-арыз күтіп отырмыз» деп сылтауратпай, қауіпті контенттің таралуына жол бермеу үшін өздерінің жұмыс алгоритмін өзгертуі тиіс. Шетелдік тәжірибе көрсеткендей, шындап келгенде бұл әлеуметтік желілер мен мессенджерлер иелерінің қолынан келетін шаруа. Жекелеген контентке тосқауыл қоюға қол жеткізу мүмкін болмайтын болса, онда нақты заң бұзған әлеуметтік желі немесе мессенджер бұғатталуы тиіс. Барлық ата-аналар мен педагогикалық қауымдастық мені қолдайды деп ойлаймын, – деп өз пікірін ашық білдірді.

## Психолог не дейді?

Осы тақырыпты жете зерттеп жүрген психолог Сымбат Әбдрахманова отбасында ата-ана мен баланың қарым-қатынасы маңызды екенін айтады.

– Жыл сайын әлемде суицид салдарынан шамамен 800 мың адам өмірден өтеді. Бұл дүние жүзінде әр 40 секунд сайын 1 адам өз-өзіне қол салады дегенді білдіреді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, Қазақстан әлемдегі суицид деңгейі ең жоғары елдердің қатарына кіреді.

2012 жылы БҰҰ балалар қорының ОШЕ/ТМД бойынша аймақтық кеңесі, «Trans/MonEE» мәліметтері бойынша еліміздегі жастар арасындағы суицид көрсеткіші ТМД, Орталық және Шығыс Еуропа елдері арасында 2-орында болса, 2019 жылы ДДҰ мәліметі бойынша 19-орынға төмендеген. Өз-өзіне қол жұмсау салдарынан болатын өлім-жітімнің басым бөлігі 18 бен 29 жас аралығындағы жастар арасында кездеседі, бұл елдегі суицидтің жалпы санының 80 пайызын құрайды.

Ұлттық статистика агенттігінің стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі бюросының 2022 жылғы мәліметтеріне көз салсақ, ауылдық жердегі балалар мен жасөспірімдер арасындағы өз-өзіне қол жұмсау қаладағыларға қарағанда 25 пайызға жоғары екенін аңғаруға болады.

Психологтың айтуынша, суицидтің алдын алу жобасын алғаш болып 2015 жылы енгізген Қызылорда облысын алатын болсақ, әр ауданда тек 1 психиатр бүкіл аудан халқына қызмет етеді. Бұл өз кезегінде психикалық бұзылысты дер кезінде анықтап, оларды сүйемелдеуде, халықпен алдын алу жұмыстарын жүргізуде қиындық туғызады.

– Тағы бір мәселе – отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастың әлсіздігі. «Сенімен болашақ» республикалық ата-аналар қоғамдық бірлестігі өткен жылы республика бойынша 32 755 ата-ана қатысқан «Заманауи Қазақстандық ата-ана» атты зерттеу жүргізген еді. Зерттеуге сәйкес, отбасында тәрбиелік мәні өте маңызды – кешкі әңгімелесу, уақытты сапалы өткізу әдеті тек ата-аналардың 60%-ында ғана байқалып отыр. Бұл – тек бірге тамақ ішу, үйде бірге болып, әркім өз тірлігімен айналысу деген сөз емес, тек ата-ана мен баласы еш нәрсеге алаңдамастан өтетін сапалы уақыт, – дейді білікті маман.

## Өмірдің мәні неге жоғалады?

Психолог Бауыржан Әреновтің айтуынша, өмірдің мәні жоғалған кезде жасөспірімдер суицидке барады.

– Суицидке итермелейтін психологиялық себеп пен әлеуметтік-экономикалық фактормен байланысын талдап көрейік. Суицид – адамның өзін әдейі өлтіруі. Адам суицидке өмірінің мәні жоғалып, ары қарай не үшін өмір сүруі керек екенін түсінбеген кезде барады. Адамның өмір сүрудің мәнін жоғалтуына әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздық әсер етуі мүмкін. Бірақ бәрі адамның өмір сүрудің мәнін мүмкін емес болса да, таба алуына байланысты, – дейді ол.

Психологтың пікірінше, бұл кезеңде отбасында ақшаның жетіспеуі, ата-ананың ішкілікке салынуы немесе ауыр сырқатқа шалдығуы сияқты қиын жағдай жасөспірімді суицидке итермелейтін мүмкін. Мұның бәрі жасөспірімнің өтпелі кезеңнен өтуін қиындатады, суицидке ұласатын күйзеліс басталуы мүмкін. Соңында жасөспірімге тән қыз-балықпен суицидке баруы мүмкін. Мұндай сәтте оған оның ішкі дүниесі мен жүйкесінің психикалық орнықтылығы, жақандары тарапынан көрсетілетін сыртқы әлеуметтік демеу көмектеседі.

Біздің аймақтың статистикасы да көңіл көншітпейді. Биылғы жылдың өзінде өзін-өзі өлімге итергендер саны 39-ды құрайды. Оның 16-сы қала тұрғыны болса, 23-і ауыл азаматтары. Бір айта кетерлігі, өзін-өзі құрбан қылғандар қатары ауылда көбігеінен айтып, психологтар дабыл қағып отыр.

– Ең алдымен, ауылдық жердегі халықтың психикалық денсаулыққа жеткілікті көңіл бөлмеуі мен психикалық мәселеде көмек сұрау дағдысының жоқтығы жиі кездесетінін ашық айтуымыз қажет. Бір жағынан



Фархат Тәжиев – бейбіт күннің батыры. Қиындыққа тап болған адамдарды құтқару жолында өз өмірін бейбіт күннің батыры – Орт сөндіру кезекші қызметінің жедел кезекшісі, хам азаматтық қорғау майоры. «Мен үшін ғана емес, кез келген өрт сөндіруші үшін адам өмірі бірінші орында тұрады, – дейді. Оның өмірлік ұстанымы да – елге қызмет ету.

## БЕЙБІТ КҮННІҢ БАТЫРЫ

### Шариғат не дейді?

Шариғатта да адам Алланың үкімімен ғана бақия аттану керек деп анық жазылған. Дін өкілдерінің пікірі де осы бағытта өрбиді.

– Өз-өзіне қол жұмсау Ислам дінінде ауыр құнға жатады. Өйткені, жанды беруші де, алушы да – Алла. Сондықтан суицид жасаған адам Алла Тағаланың ісіне араласқан болады. Хадисте «Темірмен немесе басқа бір затпен өзін-өзі өлтірген адам тозақта сол затпен қайта-қайта азапталады» дейді.

Діни сенім бойынша, өзіне қол жұмсамақ былай тұрсын, өз басына өлім тілеуге де болмайды. Мұны хадисте «Ешбір мұсылман өзіне өлім тілеуші болмасын! Біле білсеңдер, мұсылманның ғұмыры ұзарған сайын сауабы көбейе береді» деп түсіндіреді.

Сондықтан басына келген қайғы-қасірет немесе қандайда бір қиындық себепті өмірді суицидпен аяқтау мұсылманның ісі емес! Керісінше, өмір сынақтардан тұратынын түсініп, жақсылыққа кенелсе шүкір етіп, жамандыққа тап болса сабыр етіп, жақсылықтан үмітін үзбей өмір сүру нағыз мұсылманның қасиеті, – дейді облыстың бас имамы Дастан Құрманбаев.

Дана халқымыз «жақсы сөз жарым ырыс» деп бекер айтпаған. Қазіргі ақпараттық заманда адамдар жаман хабарды таратуға даяр тұрады. Бұрын ата-бабаларымыз жаманшылықты көп таратпай, бүрке-мелеп жеткізген. Мұның да ықпалы бар болар.

Қалай десек те, ажалға асық-қандар санын жасөспірімдер көбейтіп отырғаны қынжылтады.

Гайһап АСҚАРҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

Еңбек жолын осыдан он жылдай бұрын Байқоңыр қаласындағы №8 өрт сөндіру бөлімінде қарауыл бастығы болып бастаған ол бірқатар жауапты қызметтерді атқарды. Оның алғашқы қатысқан өрті күні кеше болғандай көз алдында. Байқоңыр қаласында орналасқан ауқымды, мыңдаған шаршы метрді қамтитын «Еуразия» сауда орталығында өрт шығып, өртті тиімді өшіру және адам өмірін құтқару мақсатында көмекке барған болатын.

– Өрт сөндірушілер – аса маңызы миссияны орындаушылар. Күніне бірнеше шақырту түседі. Адам өмірін және жануарларды құтқару, газ баллон шығару, бағалы заттарды сақтап қалу секілді күрделі өрт болып жатады. Жаңа қызметіме тағайындалғандағы ең алғашқы қатысқан оқиға кешкі сағат 19.00-ден ертесі күні сағат таңертеңгі 10-ға дейін созылды. Сауда орталығына келген адамдарды қауіпсіз жерге шығардық. Түн демей, күн демей, өртті ауыздықтадық. Ол түн ең ұзақ түн десем де болады. Нағыз арпалыс болды, – дейді өрт сөндіруші.

Азаматтық қорғау саласының қызметкері, өз ісінің шебері Фархат Тәжиев отбасында екі ағайынды. «Баласы атқа шапса, анасы үйде отырып, тақымын қысады» демекші, кезекшілікке түскен күні анасы тілеуін тілейді екен. Фархаттың отбасы да бұл саладан алыс емес. Өпкесі де, жан-жары да өрт сөндіру қызметінде болып қызмет атқарады. Екі бала тәрбиелен отырған асқар тау әке – болашақта балаларының таңдауы осы салаға түссе, қолдайтынын және жауапкершілігін түсіндіретінін айтады. «Ел мүддесі үшін қызмет ету, адам өмірін құтқару бұл – абыройлы міндет!» – дейді ол.

Марина САҒИДАТБЕК



Мәһр – соңғы уақытта қоғамның негізгі мәселелерінің біріне айналған тақырып. «Мәһрге қымбат сыйлық сұрапты», «Мәһрге қымбат көлік сұраған қызды жігіті тастап кетіпті» деген тақырыпта түрлі жағдайлар әлеуметтік желіде толып жүр. Мұны бірі дұрыс десе, енді бірі сыңға алып жатыр. Жастар арасында мәһр сыйлығы үлкен мәселеге айналып бара жатқан секілді. Себебі қымбат сыйлық алып беруге кез келгеннің қалтасы көтерілмейтін анық. Жақында осы мәселеге нүкте қойылды. ҚМДБ мәһр мен қалыңмалды бір ұғым етіп бекітті.

«Қазақ дәстүрінде қалыңмал – қалыңдық үшін берілетін дүние. Екі жас ажырасқан жағдайда қалыңдық малы қыздың иелігінде қалатын болған. Осы тұрғыдан қалыңмалды «мәһр» деп санауға болады. Ал «әке күші», «ана сүті» тағы да сол сияқты қыздың әке-шешесіне, туыстарына берілетін мал-мүлік мәһрге саналмайды» – деп жазылған мұфтияттың ресми сайтында.

Сонымен имамдар келген шешімге келсек, мәһр – неке қиғанда әйелге берілетін сый. Ол қалың мал немесе мәһр деп аталса да әбестігі жоқ деп отыр имамдар.

Мәһр де, қалыңмал да ақшалай немесе заттай берілетін дүние болғандықтан неке қию кезінде басын ашып алу керек. Мәһрін де, қалың мал да осы десе және қыз соған келіссе, онда қалың мал мәһр орнына жүреді. Ең бастысы өзара келісім болса болды, – дейді Қызылорда облысының бас имамы Дастан Құрманбаев.

Ал әлеуметтік желіде танымал Нұрлан имамның айтуынша, неке қияр алдында күйеу жігіт қалыңдығына белгілі мөлшерде сый беруі керек.

Біздің дана халқымыз некенің шарты болған қыз балаға берілетін сыйлық қыздың қарға бауы, алқа таққан, мұның бәрі қыздың жеке мүлкі болған, қыздың өзіне берілген. Кейбір жерде қыздың қалың малы деп те аталған. Немесе әке күші, ана сүті деген атпен де аталып жатады. Осының бәрі некелегі мәһрдің жолы болып саналады. Мәһрді мәһр деп атау шарт емес. Қазір қалың мал жүз мыңнан миллионға дейін барады. Осы берілген ақыға қыздың ата-анасы жиһаз-жабдығын алып береді. Енді қалың малды да, мәһрді де алам деу бейбастық, өз білгенімен кету, ата-баба салтын аттау. Сондықтан шарияттың шартын бабаларымыз даналықпен орындаған. Қазір шарияттың жолын емес, арабтардың салт-дәстүріне еліктеп, «арабтар бүйтеді екен, арабтар сүйтеді екен» деп айтағандар бар, біз араб емеспіз. Өзіміздің салт-дәстүріміз бар, соның аясында жасауымыз керек. Шариятта талап еткен әлеуметтік сақтандыруын ата-бабамыз даналықпен орын айшықтап тұрып орындаған. Күйеу жігіттің қызға беретін сыйы мәһр орнына жүреді. Қыздарымыз мәһр сұраймын деп бақыр киіп қалмауы керек», – дейді Нұрлан имам.

Қоғам талқысындағы пікірлерге сүйенсек, бұл шешімді қолдайтындар бар. Бір жағынан мәһр сыйлығының бөлек екенін айтып, дәлел келтіріп жатқандар да кездеседі. Қалай дегенмен, шешім шықты. Енді неке қиярда жігіт берген қалыңмалға риза болып, тек бақытты болуды ойлаған жөн. Әйтпесе, көп қыздар «сыйлық сұраған осы екен» деп шектен шықты. Шектен шыққандың әсері осындай шешімге әкелді. Жастар үшін осы шешім тиімді болар.

## БАЛАНЫ ҮЙДЕ ЖАЛҒЫЗ ҚАЛДЫРҒАН ДҰРЫС ПА?

Қауіпсіздікті қатаң сақтаңыз

Мәселен, өзім үш баланың анасымын. Кішкентайымды балабақшадан алғаннан кейін, балалар үйде өздері отырады. Егер мүмкіндік болса, баламызға қарап, сабағын қадағалап үйде отыра едік. Бұл ұсынысты жан-жақты қарастыру керек деп ойлаймын. Әсіресе ауылдағы отбасы жағдайы үйде отыруға келмейді, – дейді Камшат Елеусинова.

Қазіргі заманда бәрі қарбаласып жүр. «Баламның болашағы үшін» деп бірнеше жерде жұмыс істейтіндер бар. Одан бөлек, жұмысын үйге алып келіп, үйде болғанның өзінде балаға назар аударуға мүмкіндігі жоқтар да кездеседі. Егер алатын жамақасы кем дегенде оның отбасының қажеттіліктерін өтейтін болса, ата-анасының бала-шағасына қарауға, тәрбие ісіне көңіл бөлуге уақыты жетер еді.

Ал психологтар балаларды он жасқа дейін қараусыз қалдыруға болмайтынын айтады.

Рас, соңғы жылдары өрттің салдарынан қиын жағдайлар елімізде жиілеп кетті. Оның үстіне өрт болған жағдайда балалар үйде жалғыз қалған жағдайлар көп. Ақпараттарға сүйенсек, ата-аналары жұмыстың қамымен жүрген. Иә, ешкім баласын жамандыққа қимайды. Дегенмен апат айтып келмейтіні тағы бар. Бұл заң дәл бүгін-ертең қабылданып жатқан жоқ. Әзірге талқылауға түспек. Ал біз өз балаларымыздың қараусыз қалмағанын, қауіпсіз екенін қадағалайық. Баланы жалғыз тастап кету – бәріміздің отбасымызға жағдай. Дегенмен барлығында телефон бар заманда өмір сүріп жатырмыз. Хабарласып, алаңсыз отыруға мұның септігі тиіп тұр.

Біздің елде ата-ананың қарауынсыз, үйде жалғыз қалатын бала көп. Әрбір үшінші отбасындағы жағдай. Себебі күнкірестің қамымен ата-аналар күн-түн демей жұмыс істеп жүр. Ал егер нақты себепсіз түнгі уақытта баланы қалдырып кетсе, ол бөлек әңгіме.

Әрбір ананың қалауы баланың жанында болу. Дегенмен бұл қазіргі заманда мүмкін болмай тұр. Қарапайым халықта қос-қостан несие. Көпшіліктің талқылауына түскен ұсыныстың шешімі де қызық болатыны анық.

Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан елімізде 12 жасқа дейінгі балаларды үйде



жалғыз қалдыруға тыйым салу туралы ұсынысқа қатысты өз пікірін білдірген еді. Вице-министрдің сөзіне сүйенсек, бұл ұсыныс әлі де талқылауды талап етеді.

Бұл ұсыныс ретінде айтылды. Бала тәрбиесі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ата-ананың ролі өте маңызды деп есептейміз. Мұны біз бірнеше рет айтқанбыз. Әрине, ата-аналар барлық уақытта балаларының жанында болуы қажет. Дегенмен бұл ұсыныс мұқият талқылауды талап етеді. Ата-аналар қауымының да, мемлекеттік органдардың да пікірін ескеру қажет. Жауапкершілікке келетін болсақ, бұл қоғам мен құзырлы мемлекеттік органдардың пікірі ескеріліп, талқылау барысында белгілі болады, – деді Еділ Оспан.

Вице-министр егер ұсыныс заң жобасы түрінде рәсімделсе, бірден талқылау басталатынын айтып өтті.

### Ата-аналар пікірін тыңдасақ...

12 жасқа толмаған балаларды жалғыз қалдырған қаншалықты дұрыс? Бұл сұрақты ата-аналардан да сұрап көрдік. Бала қауіпсіздігі үшін қолға алынып жатқан бастамаға қолдау білдіретіндер де бар. Әрбір ата-ананың осал тұсы – күнкірлік қамы.

– Онсызда жетісіп жүрген ата-ана жоқ. Оларға айыппұл салғаннан не өзгереді? Халық айыппұлдан көз ашпайтын болды ғой. Бұл заңды шығарарда әбден талқыға салып, зерттеген дұрыс деп ойлаймын. Қазіргі заманда қымбатшылық белен алып тұр. Үйдегі бір адамның табысы жетпейді. Сондықтан басқа елдерге қарап заң шығара беру тиімсіз, – дейді көпбалалы ана Марина Сапарбекова.

Тәрбие берудің негізгі мәйегі – мейірім мен сүйіспеншілікте. Бұл махаббатқа олар қашан да шөлдеп тұрады. Сондықтан баланы шексіз мейіріммен өсіру керек деп түсінемін. Дегенмен қазіргі уақытта көпбалалы отбасылар аз емес. Тұрасын айтқанда үлкені кішкентайын бағып, өсіп келе жатқандар бар.

Басы 1-бетте

### Өзге елде қалай?

Бала тәрбиесі – тек біздің елде ғана емес, өзге елдердің де өзекті мәселесінің бірі. Мәселен, Германия – тәртіптің елі. Бала тәрбиесінде бірінші орынға тәртіпті қояды. Ал ата-аналар үшін басты орында жауапкершілік тұрады. Мұнда 14 жасқа толмаған баланы 15 минут қалдырған ата-аналар қатаң жаза-лананды.



Ал Испанияда баланы ешуақытта қараусыз қалдырмайды. Үйге жалғыз тастамайды. 12 жасқа дейін баланы мектепке ата-анасы ертіп апарып, алып қайтады. Баланың танымал кең болып, мансап жолында ірі жетістіктерге жету жолдарын кішкентайынан құлағына құйып өсіреді. Балаларын өзгелермен салыстырмайды. АҚШ-та «әрбір бала өз бетінше өмір сүріп үйрену керек» деген ұстанымға негізделген. Мұнда отбасында баланы ұру қатаң түрде заң бойынша жазаланады. Зерттеулерге сүйенсек, кейбір штаттарда 12 жасқа толмаған баланы жалғыз қалдыруға болмайтын заң бар. Қауіпті жағдай туғызығаны үшін ата-анасына қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.

Жапондық кішкентайлар үшін ең үлкен жаза – жалғыз қалу. Отбасы мүшелерінен бөлек, бөлмеде жалғыз отырудан асқан азап болмайтынын сәби күнінен санасына сіңірген бала сол жазаға ұшырап қалмауға күш салады. Бұл елде 5-6 жасынан бастап, темірдей тәртіпке бағынатын «қиын» күндерге тап болады.

Ал Ұлыбританияда 14 жасқа дейінгі баласын қараусыз қалдыру қылмыс болып саналады. Бұл елде балалардың құқықтарын қорғайтын арнайы мемлекеттік агенттік жұмыс істейді. Егер балаларға қатысты қандай да бір құқықбұзушылық анықталатын болса, агенттік құқық қорғау органдарына жедел хабар жібереді.

Қанша дегенмен баланың аты – бала. Олар зерігіп отырып, ойына келгенін істей салады. Сондықтан балаларды үйде қалдырған мамандардың мына кеңесін есте сақтаған дұрыс.

– Балаларға телефон нөмірлерді теруді үйретіңіз. Нөмірлерді тоназытқышқа жабыстырып қоюға болады.

– Үйден шығу керек болса, баланың үйде не нәрсеге көбірек қызығатынын, ата-анасының бірі қайтып келгенше ол ұзақ уақыт бойы не нәрсеге назар аудар алатынын ойлаңыз.

– Егер сүйікті ертегісі немесе мультфильмі болса, кітап пен теледидарды қарап отыруын қадағалап айтып кетіңіз.

– Терезе-есікті ашпауын қатаң ескертіңіз.

**Тілші түйіні.** Тақырыбымыздың тобықтай түйінін айтсақ, қазіргі ахуалмен салыстырғанда бала ең әуелі отбасының қамқорлығында, тәрбиесінде, жауапкершілігінде болғаны маңызды. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Баланы сыртқы ортаның кері әсерінен қорғау үшін жастайынан жақсы тәрбие берген дұрыс-ақ.

Елімізде жыл сайын тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендер көбеюде. Әлем елдерінде белең алған тұрмыстық заң бұзушылық біздің елімізде де өзекті мәселеге айналды. Отбасындағы жанжалдың кесірінен ана мен бала өміріне қауіп төнген жағдайлар жиі кездесуде.

Бұл жөнінде ақпарат құралдарынан естіп те, көріп те жүрміз. Сондықтан да бұл мәселеге қоғам алаңдаулы. Әлеуметтік желіні ашсақ, отбасындағы ұрыс-керістің кесірінен жағымсыз жайтқа тап болғандар жиілеп кетті. Сондықтан да отбасылық зорлық-зомбылыққа көз жұма қарауға болмайды. Осы орайда отбасындағы әйелдер мен балалардың тұрмыстағы зорлық-зомбылығына қарсы елімізде нақты шаралар қолға алына бастады.

## ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ – БАСТЫ МАҚСАТ

– Елімізде «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн акциясы» өтіп жатыр. Акцияның мақсаты – тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, жолын кесу. Сонымен қатар қоғамда отбасының ролін нығайту. Зорлық-зомбылық жасауға бейім адамдармен жеке профилактикалық жұмысты жүзеге асыру, азаматтардың полицияға деген сенімін арттыру, – деді «Қамқорлық» дағдарыс орталығының директоры Жандос Тұсмағамбетов өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте.

Облыстық ІІД Жергілікті полиция басқармасы бастығының орынбасары Рауан Альдешовтің сөзіне сүйенсек, зорлық-зомбылық мәселесі бойынша полицияға келіп түсетін шағымдар мен қоныраулардың саны кейінгі кезде төмендеген.

– «Зорлық-зомбылық – қоғамның немесе бір мемлекеттің ғана емес, бүкіл әлем елдерінің басты мәселесіне айналған сұрақ. Себебі отбасында жасалатын зорлық-зомбылық қоғам мен жеке адамның қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері үшін құқық бұзушыларға жаза бірнеше рет қатаңдатылды. Қазір полиция жәбірленушінің арызсыз құқық бұзушылықтың жасалу фактісі бойынша әкімшілік іс қозғайды. Сотта татуласуға бір-ақ рет мүмкіндік бар. Сондай-ақ сот шешімімен берілетін жазалардың санкциясы 5 тәуліктен 25 тәулікке дейін ұзартылды, – дейді Рауан Қырымұлы.

Ал облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы бастығының орынбасары Айгүл Ибраева соңғы жылдар ішінде осы салада заңнамалық өзгерістерден бөлек, басқа да бірқатар шаралар іске асырылғанын айтып өтті.



– «Неке және отбасы» кодексіне сәйкес жергілікті жерлерде отбасын қолдау орталықтарын ашу туралы нормалары мен қызметін жүзеге асыру қағидалары бекітілді. Бұл орталық облыс әкімінің қолдауымен 2023 жылы Қызылорда, Байқоңыр қалалары мен барлық аудандарда ашылды, өз қызметін көрсетуде. Орталықтар отбасының цифрлық картасы негізінде дағдарыс жағдайындағы отбасыларды қолайлы санаттарға ауыстыру бойынша жұмыстарды жүзеге асыруда. Жыл басынан бері 6 мыңға жуық адамға түрлі бағыттағы қолдау көрсетілді, – дейді Айгүл Болатқызы.

Облыс орталығында 2017 жылдан бері мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнайы әлеуметтік қызметтер көрсететін «Қамқорлық» орталығы жұмыс істейді. – Осы 16 күн ішінде әйелдерге және балаларға қатысты қысымды болдырмаудың жолын іздеп, отбасылық құндылықтарды насихаттауға бағытталған, мемлекеттің қабылдап жатқан шаралары туралы халыққа кеңінен хабарлар ету мақсатында жергілікті тұрғындарға кеңінен түсіндіріледі. «Қамқорлық» орталығы тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына қолданыстағы стандартқа сәйкес орталықта 8 бағыт бойынша қызмет көрсетеді. Токсан сайн орталықтан қызмет алушыларға және қызмет алып шыққандарға мониторинг жасалады. Жыл басынан бері 184 адам қызмет алған. Қазір орталықта 8 ана, 29 бала барлығы 37 адам бар, – деді орталық директоры Жандос Тұсмағамбетов.

Бұл акция бүкіл қоғамның белсенді қатысуын талап етеді. Әр азамат зорлық-зомбылықты болдырмауға үлес қоса алады. Зорлық-зомбылыққа қарсы әрекет – әр адамның міндеті. Осы 16 күн ішінде әйелдер мен балалардың қауіпсіз болашағы үшін күш біріктіруге ұйымдастырылған. Сонымен қатар бұл орталық тек 16 күннің ішінде емес, әр күні халыққа көмек көрсетуге дайын екенін ұмытпаған жөн.

Әрбір ата-ана баланың өсіп-өнуіне, тәрбиесіне жауапты. «Баланың теріс қылықтары отбасындағы зорлық-зомбылықты көріп өскеннен басталады, – дейді мамандар. Көбінесе тұрмыстағы зорлық-зомбылық құрбаны әйелдер мен балалар болатыны белгілі. Ал мұндай жағдай балаға кері әсерін тигізетіні анық. Адам өмірі, құқығы мен бостандығы ең басты құндылық болып саналады. Сондықтан бір-бірімізге зиян тигізбей тыныш қоғамда бақытты өмір сүргенге не жеткіз?

Бетті дайындаған Айтқалың АЙТЖАНОВА

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)

Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)

Қабалдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)

Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)

Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-Г.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ 4310318.07.03.01178 нөмірмен сертифицирталған.

Аптасына 2 рет, сәтсебей, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескеріледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3498 Тапсырыс №1925

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА